ХОЛОДИЛЬНИК С МОРОЗИЛЬНЫМ ОТДЕЛЕНИЕМ

ИНСТРУКЦИЯ ПО ЭКСПЛУАТАЦИИ

ПЕРЕД ВКЛЮЧЕНИЕМ ХОЛОДИЛЬНИКА ВНИМАТЕЛЬНО ПРОЧИТАЙТЕ ДАННУЮ ИНСТРУКЦИЮ И ВСЕГДА ДЕРЖИТЕ ЕЕ ПОД РУКОЙ.

МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМІ БАР ТОҢАЗЫТҚЫШ

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЫ

ОСЫ НҰСҚАУДЫ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ПАЙДАЛАНАР АЛДЫНДА МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫП, ҚАЖЕТ БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚАРАП ЖҮРІ ҮШІН ҚОЛ ЖЕТЕРЛІК ЖЕРДЕ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Кіріспе
Тіркеу 26
Қауіпсіздік талаптары 26
Тоңазытқыштың негізгі бөліктері 31

Орнату
Орнату 32
Қосу 32

Пайдалану
Температураны реттеу 33
Температура мен жұмыс режимдерін таңдау 33
Балғындықтың оңтайлы жерлері 35
Жедел мұздату 36
Қалдырып кету 36
Өзін-өзі тексеру 37
Блоктау 37
Ескертуші сигнал 38
Мұз әзірлеу 38
Жібіту 38
Жартылай сөре 39
Шараптар сөресі 39

Азық-түлікті сақтау бойынша ұсыныстар
Азық-түліктерді сақтау 40

Күту және қызмет көрсету
Жалпы мәліметтер 42
Шамын ауыстыру 43
Есіктің ашылу бағытын ауыстыру 43
Жинау және тазарту 44

Ақаулықтарды жөндеу
Ақаулықтарды жөндеу 45

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지 26

Тіркеу

Кіріспе

Тоңазытқыштың моделі мен сериялық номерлері бұйымның артқы жағында көрсетілген. Бұл номер әр тоңазытқыш үшін жеке болып табылады және басқа бұйымдарда қайталанбайды. Төмендегі кестені толтырып, осы нұсқауды сатып алу дәлелі ретінде сақтаңыз. Оған чекті де қосып қойыңыз.

Сатып алу күні : _____

Сауда фирмасы : _____

Фирма мекен-жайы : _____

Фирма телефоны : _____

Моделі : _____

Сериялық номері : _____

Қауіпсіздік талаптары

Жарақаттану, мүлікке келтірілетін зиян және қате пайдалану төуекелін болдырмау үшін келесідей қауіпсіздік шараларын орындаңыз. (Осы нұсқаумен мұқият танысып алып, қажет болған жағдайда қарап жүру үшін қол жетерлік жерде сақтап қойыңыз.). Бұл нұсқауды аспаптың келесі иесіне беруді ұмытпаңыз.

Ескерту Мүмкіндігінше өлімнен немесе ауыр жарақаттан сақтану жөніндегі ескерту

Абайлаңыз Жарақат алу немесе мүлікке зиян келу ықтималдылығы жөніндегі ескерту

Осы тауардың қызмет ету мерзімі - тауарды тұтынушыға тапсыру күнінен бастап 7 жыл.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지27

Қауіпсіздік талаптары

Precaution

⚠ Ескерту

- **Тоңазытқышты пайдаланар алдында оны орнатып берілген нұсқау бойынша, қосу керек.**
- **Тоңазытқышты желілік сымнан ұстап ажыратуға тыйым салынады.** Ашаны розеткаға әрқашан берік орнатып, суырғанда абай болыңыз.
- **Тоңазытқыш орнын ауыстырғанда желілік сымды қысып немесе зақымдап алмауы керек.**
- Тоңазытқышты қосқаннан кейін мұздату камерасының суық беттерін ұстамаңыз, әсіресе дымқыл немесе су қолмен, себебі тері қатып, жабысып қалуы мүмкін.
- Тоңазытқышты жуар алдында тоқтан ажыратыңыз. Қорек сымын зақымдамаңыз, бұрамаңыз және тартпаңыз, ол өрт пен тоқ соғуының себебі болуы мүмкін.
  Мұздату камерасының ішіне шыны ыдыс қоймаңыз, үйткені оның ішіндегі сұйықтық қатып, сынып қалуы мүмкін.
- **Тоңазытқыштың ішкі және сыртқы беттеріне су бүрікпеңіз.**
  Ол қопарылыс немесе өрт шығып кетуі мүмкін.
- **Ашаны розеткаға дымқыл қолмен қоспаңыз.**
  Ол тоқ соғуының себебі болуы мүмкін.
- **Бұйым үстіне су құйылған ыдыс қоймаңыз.**
  Су төгілген жағдайда тоқ өткізгіш бөліктердің оқшаулауы зақымдалып, ол өрт пен тоқ соғуының себебі болуы мүмкін.
- **Тоңазытқышты су шашырауы мүмкін дымқыл жерлерге орнатпаңыз.**
  Ол тоқ өткізгіш бөліктердің оқшаулауың зақымдап, өрт пен тоқ соғу қаупі болады.


2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지28

Қауіпсіздік талаптары

- **Бұйымды бұзбаңыз, жөндемеңіз және конструкциясына өзгерістер енгізбеңіз.**
  Ол өрт немесе жарақат себебі болып жұмыс ақаулықтарын тудыруы мүмкін.
- Ішкі жарық шамын ауыстырарда тоңазытқыштың ашасын электр көзінен ажыратыңыз.

Қорек сымын ауыстыруға немесе ұзартуға болмайды

Ол өрт пен тоқ соғу себебі болуы мүмкін.



Аса көп күш түсуді болдырмау мақсатымен тоңазытқышты мүмкіндігінше бөлек ұяға жалғаңыз, болмаған жағдайда ол өзге жарықтандыру немесе электр аспаптарымен бірге желіге аса көп күш түсіруі мүмкін.

Ашаны розеткадан тез ажыратып алу үшін

Мұздатқыш бөлімі бар тоңазытқыштың ашасы төтенше жағдайда тез ажырату мүмкіндігін беретіндей қол жетерлік жерге орналастыру керек.

Қорек сымын ауыстыру

Қорек сымы зақымдалған болса, ол өндірушімен немесе қажетті дайындығы бар өзге қызметшімен ауыстырылуы немесе жалғануы тиіс.

Қауіпті

Тоңазытқыш ішіне балалар кіріп алуы мүмкін.

Ескі тоңазытқышты немесе мұздату камерасын лақтырмас бұрын: Оның барлық есіктерін алып тастаңыз.

Балалар тоңазытқыш ішіне кіруді қиындататындай барлық сөрелерін ішінде қалдырыңыз.

Сақтамаңыз

Тоңазытқыш ішінде және маңында бензин мен өзгедей оңай тұтанушы материалдарды сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.

Жермелеу

Жермелеу қысқаша тұйықталу жағдайында тоқты қосымша сым арқылы жіберіп, электр тоғына ұрыну тәуекелін азайтады. Ықтимал тоқ соғуды болдырмау үшін тоңазытқышты жермелеу қажет. Жермелеу түйіспесін дұрыс пайдаланбау тоқ соғу себебін туғызады. Жермелеуді дұрыс орындағандығыңызға күмандансаңыз немесе жермелеу бойынша нұсқаулар түсініксіз болса, электрикпен немесе қызмет орталығының маманымен кеңесіңіз.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지29

Қауіпсіздік талаптары

⚠ Ескерту

- ⚠ Бұйымды өзге жиһаз ішіне орнату немесе тұйық жерлерге орналастырғанда желдету саңылауларын ашық қалдырыңыз.
- ⚠ Өндірушімен ұсынылған жағдайлардан өзге жағдайларда жібітуді тездететін механикалық айлабұйымдарды пайдаланбаңыз.
- ⚠ Суыту контурын зақымдамаңыз
- ⚠ Өндірушімен ұсынылған жағдайлардан өзге жағдайларда азық-түлік бөлімінде электр аспаптарын пайдаланбаңыз.
- ⚠ Бұйымда қолданылған суыту агенті мен оқшаулаушы газ жаратудың ерекше шарттарын талап етеді. Жарату барысында қызмет өкілімен немесе қажетті дайындығы бар өзге қызметшімен хабарласыңыз.



Бұйымда изобутан (R600a) суыту агентінің аздаған мөлшері қолданылған. Ол экологиялық таза, табиғи газ болып табылады, бірақ ол өртке қауіпті. Тасымалдау барысында суыту контурының ешбір құрам бөлігінің зақымдалмағандығын қадағалап отыру қажет. Суыту агентінің түтіктерден шашырауы тұтануы көздің зақымдалуына әкеп соғуы мүмкін. Газдың төгілуі анықталған жағдайда ашық от пен ықтимал тұтану көздерінен аулақ болғанын қамтамасыз етіңіз. Бұйым орналасқан панажайды бірнеше минут бойы желдетіңіз.

Суыту контурынан газдың төгілуі анықталған жағдайда газ бен ауаның қопарылысқа қауіпті қоспасының қалыптасуын болдырмау үшін бұйым орнатылатын панажай аумағының қолданылған суыту агентінің мөлшеріне сәйкес түрде жеткілікті болуы өте маңызды. R600a суыту агентінің әр 8 гр панажайдың 1 м^2 сәйкес келуі тиіс. Нақты бұйымдағы суыту агентінің мөлшері бұйым ішіндегі ақпараттық жапсырмада көрсетілген. Зақымдалу іздері бар бұйымды қосуға тыйым салынады. Күмандану жағдайында сатушымен хабарласыңыз.


Қауіпсіздік талаптары

⚠ Абайлаңыз

- **Егер қабырғадағы розетка нашар бекітілген болса, онда оған сымның ашасын қоспаңыз.**
  Болмаған жағдайда ол өрт немесе тоқ соғу жағдайын туғызады.
- **Тоңазытқышты қорек сымынан тартып ажыратуға тыйым салынады. Ашаны розеткаға әрқашан берік орнатып, суырғанда абай болыңыз.**
  Болмаған жағдайда оқшаулауы зақымдалып, қысқаша тұйықталуға себеп болу мүмкін.
- **Тазарту барысында розетканы дымқыл немесе су шүберекпен жумаңыз.**
  Электр тогымен зақымдалу қаупі бар.
- **Бұйым астына қолыңызды тықпаңыз.**
  Өткір қырлары жарақат алу себебі болуы мүмкін.
- **Бұйымды желіден ажыратқаннан кейін сымның ашасын қоспастан бұрын бес минуттай күтіңіз.**
  Дұрыс пайдаланбағандықтан материалдық шығын болу мүмкін.
- **Бұйым ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, сымды розеткадан ажыратыңыз.**
  Оқшаулаудың кез келген зақымдалуы өрт себебі болуы мүмкін.
- **Балаларға бұйымның алдыңғы бетіндегі басқару панеліне тиісуге немесе онымен ойнауға рұқсат етпеңіз.**
- **Бұйымда қолданылған суыту агенті мен оқшаулаушы газ жаратудың ерекше шарттарын қажет етеді. Жарату алдында артқы бетіндегі түтіктердің ешқайсысын зақымданбағандығына көз жеткізіңіз.**

2_3828JY8001C(카자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지 31

Тоңазытқыштың негізгі бөліктері



Ескерту

Аталған бөліктердің кейбірі болмаса, олар осы модельдің жеткізу жинағына кірмеуі мүмкін. (Мысалы, «Сиқырлы орын» кейбір модельдерде ғана бар).

Орнату

1. Жарамды жер таңдаңыз.
   Тоңазытқышты пайдалануға ыңғайлы болатын жерге қойыңыз.
2. Тоңазытқышты жылу, ылғал көздерінің маңында немесе тікелей күн сәулелері түсетін жерде орналастырмаңыз.
3. Тоңазытқыш үстінде және артқы жағы мен жанында ауа еркін айнала алатындай кем дегенде 5 см аралық қалдыру қажет.
4. Дірілді болдырмау үшін тоңазытқышты тегіс бетке орналастырыңыз. Қажетті жағдайда еденнің тегіс болмауын дәлдеуші бұрандалардың көмегімен басуға болады. Есік оңай жабылу үшін тоңазытқыш артқа сәл шалғайып тұруы тиіс. Тоңазытқыш сәл еңкейтілгенде дәлдеуші бұрандалар оңай бұралады. Тоңазытқышты аздап көтеру үшін дәлдеуші бұрандаларды сағат тіліне қарама-қарсы ( ), ал түсіру үшін, сағат тілі бойынша ( ) бұрау қажет.
5. Тоңазытқышты тасымалдау кезінде пайда болған шаңды сүртіп, мұқият жуу керек.
6. Тоңазытқыштың барлық алынбалы бөліктерін (мұз салғышты және т.б.) орындарына орналастырыңыз. Олар тасымалдау барысында сынып қалмау үшін бөлек қапталған.
7. Қорек сымының ашасын розеткаға қосыңыз. Бұл розеткаға өзге электр аспаптарын қоспаңыз.

Қосу

Тоңазытқышты бірінші рет орнатқанда, ішінде жұмыс температурасы орнауы үшін оны алдын-ала 2-3 сағат жұмыс істеткізіп, балғын немесе мұздатылған азық-түлікті содан кейін ғана салыңыз. Тоңазытқышты желіден ажыратқаннан кейін сымның ашасын қоспастан бұрын 5 минуттай күтіңіз.
Тоңазытқыш жұмыс істеуге дайын.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지33

Температураны реттеу

Мұздатқыш бөлімі бар тоңазытқышта мұздатқыш және тоңазытқыш бөлімдеріндегі температураны реттеп отыру мүмкіндігін беретін реттегіштер бар.

Температура мен жұмыс режимдерін таңдау

Температураларды және функцияларды реттеу


< Сыртқы түр1 >



< Сыртқы түр2 >



< Ішкі түр >




Пайдалану

Мұздатқыш және тоңазытқыш бөлімдерінің температурасын таңдау


- Мұздатқыш және тоңазытқыш бөлімдерінің температурасы бастапқысынан -21°C және 4°C етіп орнатылған. Сіз бөлімдердегі температураны өз қалауыңызша өзгерте аласыз.

< Сыртқы түр1 >



- Температураны басқару батырмасын басқанда мұздатқыш немесе тоңазытқыш бөлімінің температурасы 1 градусқа өзгереді.

< Сыртқы түр2 >




- Температураны басқару батырмасын басқанда мұздатқыш немесе тоңазытқыш бөлімінің температурасы келесі тәртіпте сатылы түрде өзгереді.

  Тоңазытқыш бөлімі :
  3 → 4 → 5 → 1 → 2

  Мұздатқыш бөлімі :
  3 → 4 → 5 → 1 → 2

- Ең аз сан камераның әрқайсысында көрсетілгеннен жоғары температура орнатылғандығын білдіреді.
- Мұздатқыш камерасының және тоңазытқыш камерасының бастапқы температурасы сәйкесінше 3 және 3 құрайды.

< Ішкі түр >



- Температураны басқару батырмасын басқанда мұздатқыш немесе тоңазытқыш бөлімінің температурасы келесі тәртіпте сатылы түрде өзгереді.

  Тоңазытқыш бөлімі:
  3 → 4 → 5 → 1 → 2

Ескерту

Тоңазытқыш ішіндегі нақты температура азық-түлік күйіне байланысты өзгешеленуі мүмкін. Көрсетілетін өлшем іс жүзіндегі температура емес, қалаулы нәтиже болып табылады. Қоса салысымен тоңазытқыштың суыту қабілеті төмен. Жоғарыдағы нұсқаға сәйкес температураны өзгертуге кем дегенде 2-3 күннен кейін болады.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지35

Балғындықтың оңтайлы аумағы (кейбір модельдерде)

• Сәйкес батырманы басу жолымен "OPTI ZONE" режиімді таңдағаннан кейін камерада етті (сақтау температурасы салыстырмалы түрде төмен болғанда) немесе өзгедей мұздатылмаған тағамдарды, балықты және т.б. сақтауға болады.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! "OPTI ZONE" режимы өшірілгенде, сәйкес бөлімдегі температура көтеріліп, сақтау температурасының төмен болуын талап ететін азық-түлікті сақтау мерзімі қысқарады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! "OPTI ZONE" режимын қосқанда сәйкес бөлімде сақталынатын тағамдардың 0...-1°C дейін салқындатылуы мүмкін екендігін ұмытпаңыз. Мысалы, көкөністер мен жемістер қатып, бұзылып кетуі мүмкін.
Балғындықтың оңтайлы аумағының температурасы әрқашан қалыпты.


Пайдалану тәсілі

"OPTI ZONE" (Балғындықтың оңтайлы аумағы) батырмасын басқанда шам жанады. Бұл қызметті сөндеру үшін сол батырманы қайта басу керек.


< Сыртқы түр1 >



<ҚОСУЛЫ режимдегі Балғындықтың оңтайлы аумағы>



< ӨШІРУЛІ режимдегі Балғындықтың оңтайлы аумағы>



Жедел мұздату

- Қызмет жедел мұздату үшін қолданылады.
- Бұл қызмет азық-түлікті жедел мұздату үшін қолданылады. "SUPER FRZ" (жедел мұздату) батырмасын бір рет басыңыз. Жедел мұздату режимі қосылып, индикатор жанады.
- Жедел мұздату мөлшермен 3 сағат жүмыс істеуді қажет етеді. Жұмысын аяқтағаннан кейін тоңазытқыш автоматы түрде алдындағы температуралық режимге қайтады. Егер Сіз жедел мұздату режимін өшіргіңіз келсе, "SUPER FRZ" батырмасын қайта басыңыз. Индикатор сөніп, мұздату тоқтайды да, тоңазытқыш қалыпты жұмыс режиміне қайтады.



- Жедел мұздату режимін таңдағанда меңзер суреті 4 рет жыпылықтайды.

Жол жүру

- Бұл қызмет тоңазытқышты қуат сақтау режиміне ауыстырады. Ол өзіңіз демалыстап кеткенде өте пайдалы, себебі пайдаланылатын қуат мөлшері барынша азаяды. Бұл режим "VACATION" батырмасын басу жолымен қосылады. Бұл жағдайда индикатор жанады. Қайта басу режимді өшіреді.



Ескерту

«Жол жүру» режимін қосқанда барлық батырмалар блокталады. Қайтып келгеннен кейін «Жол жүру» режимін өшіріңіз. Батырмалар блоктан басып, тоңазытқыш қалыпты температуралық режимге қайтады.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:49 AM 페이지 37

Өзін-өзі тексеру

- Бұл қызмет тоңазытқыш жұмысының барысында пайда болуы мүмкін ақаулықтарды автоматты түрде анықтайды.
- Ақаулық пайда болғанда, бұйым батырмаларды басуға жауап қайтармаса және қалыпты индикация болмаса, бұйымды желіден ажыратпай, дереу жергілікті қызмет орталығымен байланысыңыз.
- Тоңазытқыш қорек көзінен ажыратылатын болса, маман ақаулықты анықтауға көбірек уақыт жұмсайтын болады.

Блоктау

Сыртқы түр 2

- Осы батырманы басқанда барлық өзге батырмалар блокталады.
- "LOCK" батырмасын кезектете отырып басу блоктауды қосып, өшіреді. (Блоктау және блоктан босату үшін "LOCK" батырмасын басып, үш секунд бойы басып отырыңыз.
- Блоктау режиімін қосқанда барлық өзге батырмалар блокталады.



"Lock ON" таңдау

"Lock OFF" таңдау

«ON / OFF» /ҚОСУ/ӨШІРУ ҚЫЗМЕТІ

Аспапты қосу және сөндіру.

Сөндіру

- Аспапты жібіту, тазарту немесе пайдалануын ұзақ мерзімге тоқтату үшін «ON/OFF» / ҚОСУ сөндіру батырмасын басып, 3 секунд бойы басып отырыңыз.
- Сыртқы индикатор (дисплей) өшеді.
- Ішкі индикатор (дисплей) есік ашылғанда қосылады

Қосу

- Аспапты қосу үшін «ON/OFF» / «ҚОСУ/ӨШІРУ» батырмасын басып, 3 секунд бойы басып отырыңыз.

Ескерту сигналы

- Тоңазытқыш есігі біраз уақыт ашық қалса, дыбыстық дабыл беріледі.
  Дабыл есік жабылғанда да өшпесе, жергілікті қызмет орталығымен байланысыңыз.

Мұздар дайындау


- Мұз бөліміндегі мұз дайындау астаушасын суға толтырыңыз. Суын асыра құятын болсаңыз, мұз кесекшелері бір біріне жабысып, бөлінбейді.
- Бұз мұзды сақтау бөліміне мұзды әзірлеу құрылғысының тұтқасын бұрағанда түседі.

Ескерту

Тұтқаны мұз толық қатпайынша бұрайтын болсаңыз, су мұзды сақтау бөліміне құйылып, мұз кесекшелері бір біріне жабысып қалады.

Кеңес

- Мұз кесекшелері оңай алыну үшін, алдын ала астаушаға су құйыңыз.



Мұзды еріту


- Тоңазытқышта автоматты жібіту жүйесі қолданылған. Камераның артқы қабырғасына қонып қалатын мұз кезеңді түрде жұмыс істейтін компрессор өшкенде жібиді. Еріген су астыдағы астауға жиналып, түтік арқылы компрессор контейнеріне құйылады. Су контейнерге бөгелмей жиналуын қамтамасыз ету үшін құйып алу шүмегін тазалап отыру қажет (кем дегенде 3 айда бір рет).
- Мұздату камерасын жібітіп, тазалау үшін тоңазытқышты электр желісінен ажыратыңыз немесе "ON/OFF" ажыратқышын басыңыз да, тағамдарды мұздату камерасынан алып шығыңыз. Мұздату камерасының есігін 1 сағатқа ашып қойыңыз, еріген суды жинап алып, камераны жуыңыз да, құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.


⚠ Абайлаңыз

Қарлы қырауды қыру үшін камера ішкі беттерін тырнайтын металл және өткір құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Жартылай сөре (кейбір модельдерде)


- Биік контейнерлерді, мысалы, шөлмектерді орналастыру үшін, алдыңғы жартылай сөрені итерсеңіз болды. Ол сөренің артқы бөлігіне кіріп кетеді.
  Сөрені өзіңізге тартып, бұрынғы қалпын қайтара аласыз.






Шарап сөресі (кейбір модельдерде)

- Шараптарды жатқызып сақтауға арналған.
  Оған қоса, Сіз шарап сөресін аударып, қайта орнатуыңызға болады.
  Ол тоңазытқыш ішіндегі орынды босатады.



Мысал) Қолданыста



Мысал) Қолданылмайды

Азық-түлікті сақтау

⚠ Абайлаңыз

- Төмен температурада одан қасиеттерінен айырылатын азық-түлікті, мысалы банан мен қауынды сақтамаңыз
- Әрқашан тағамдар толық суығанын күтіңіз. Тоңазытқышқа ешқашан ыстық тағамды қоймаңыз. Ол өзге азық-түлікті бүлдіріп. Электрэнергияның шығындалуына себепкер болады.
- Тағамдарды қақпағы бар арнайы ыдыста сақтаңыз. Ол буланудан болатын ылғалдың жиналуын болдырмай, тағамдардың дәмі мен қоректік қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз етеді.
- Тағамдармен желдету саңылауларын жаппаңыз. Суық ауаның біркелкі айналымы тоңазытқыш бөліміндегі температураның бір қалыпты болуын қамтамасыз етеді.
- Тоңазытқыш есігін жиі аша бермеңіз. Есіктің ашылғанында оның ішіне жылы ауа кіріп, температурасының көтерілуінің себебі болады.
- Есік сөрелеріне тым көп азық-түлік орналастырмаңыз, ол есіктің жабылуына кедергі болуы мүмкін.
- Мұздатқыш бөлімінде шөлмектерді сақтамаңыз, себебі олар қатқанда жарылып кетуі мүмкін.
- Жібіген тағамдарды қайта мұздатпаңыз. Бұл жағдайда олар дәмі мен қоректік қасиеттерінен айырылады.
- Тоңазытқышта медициналық препараттарды, ғылыми жұмыс материалдарын және температура өзгерістеріне сезімтал өзгедей заттарды сақтамаңыз.
  Тоңазытқышта нақты температуралық қадағалауды талап ететін азық-түлікті сақтауға тыйым салынады.

2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:50 AM 페이지41

- Мұздату бөлімінің есік бөлімі (**) белгісімен таңбаланған. Онда -12°C температурасы тұрақты ұсталып отырады. Онда жақын арада қажет болатын азық-түлікті сақтаған ыңғайлы.
- Жаңа азық түлікті жедел түрде мұздату қажет етілсе, оларды мұздату бөлімінің ортасына орналастырып, жедел мұздату батырмасын басыңыз.

Ескерту

Тоңазытқыш жылы, сыз жерде орналасып, оның есігі жиі ашылатын болса, немесе онда көп көкөністер сақталса, оның ішінде өнідіргіштігіне әсер етпейтін шық түсуі мүмкін.
Тамшыларды құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Жалпы мәліметтер

Электр желісіндегі үзіліс


- Электр желісіндегі 1-2 сағаттық үзіліс тоңазытқыш шінде сақталып тұрған азық-түлікке еш зиянын келтірмейді.
  Есіктерді жиі аша бермеуге тырысыңыз.

Көшкенде

- Азық-түлікті тоңазытқыштан алып, жылжымалы бөліктерін жабысқақ үлдірмен бекітіп тастаңыз.
- Тоңазытқыштың дәлдеуші бұрандаларын тірелгенше ішке қарай бұрап тастаңыз.
  Болмаған жағдайда олар еденді тырнап немесе тоңазытқышты жылжытуға кедергі жасайды.


Конденсатқа қарсы түтік

- Тоңазытқыштың алдыңғы бетінің айналасында және тоңазытқыш пен мұздатқыш бөлімдерінің арасында конденсатқа қарсы түтік өтеді. Ол шық түсуін болдырмайды.
- Орната салысымен және бөлме температурасы жоғары болған жағдайда тоңазытқыш қызуы мүмкін. Ол қалыпты жағдай болып табылады.



2_3828JY8001C(까자흐)_수정 2006.12.8 9:50 AM 페이지43

Шамын ауыстыру



1. Желілік сымды қабырғадағы розеткадан ажыратыңыз.
2. Шамның қақпағын артқы бөлігінен астыға тартып шешіп алыңыз.
3. Шамды сағат тіліне қарсы бұрып алыңыз да, жаңасымен алмастырыңыз.
4. Жинауды кері тәртіпте жүзеге асырыңыз. Шамды тек ұқсас сипатты шаммен алмастыруға болады.

⚠ Абайлаңыз

- Ұшқынды болдырмайтын сақиналы резеңке тығыздағышты салуды ұмытып кетпеңіз.
- Шам ұзақ уақыт жанып тұрған болса, оған қолыңызбен тиіспеңіз. Ол өте ыстық болуы мүмкін.

Ескерту

- Шамның МАКСИМАЛДЫ қуаты - 30 Вт.
- Тоңазытқыш есігін ашық тастасаңыз, шам 7 минут жанып, сөнеді (Есікті жауып, қайта ашсаңыз, ол қайта жанады).

Есіктің ашылу бағытын ауыстыру

- Тоңазытқыш конструкциясы есіктің ашылу бағытын ас үйіңіздің жоспарына сәйкес оңнан салға және кері қарай ашылатындай етіп ауыстыруға мүмкіндік береді.

⚠ Абайлаңыз

Дегенмен, есіктің ашылу бағытын өзгерткіңіз келетін болса, арнайы білімі бар шеберді шақыртуыңызға тура келеді.

2_3828JY8001C(카자흐)_수정 2006.12.8 9:50 AM 페이지44

Жинау және тазарту


Тазалау алдында

Қорек ашасын розеткадан ажыратқандығыңызға көз жеткізіңіз. Тоңазытқыштағы балғындықтың оңтайлы аумағын тартып шығарғыңыз келетін болса, алдымен оның алдындағы себетті алып шығыңыз.

Тоңазытқыштың сыртқы беттері

Тоңазытқыштың сыртқы беттерін ыстық суға немесе сұйық жуғыш құралға малынған жұмсақ майлықпен жуыңыз. Егер жжу үшін жуу құралын пайдаланатын болсаңыз, оны міндетті түрде жұмсақ, дымқыл шүберекпен жуыңыз.

Тоңазытқыштың ішкі беттері



Егер жұмыс барысында мұздатқыш немесе тоңазытқыш камерасында 3 мм асатын қырау жиналып қалса, оны жеткізу жинағында болатын пластмасса қалақпен қыруға болады.
Ол үшін тоңазытқышты жібітіп, тазарту үшін сөндіру қажет.
Мұздатқыш камерасының ішкі кеңістігіндегі беттерді тазарту өте оңай. Жібітер алдында ең алдымен мұздатқыш камерасының ортаңғы тартпасын шығарып, қалған тартпаларды ішіндегі заттардан босатыңыз.
Қырау суықты азық-түлікті жеткізуге кедергі жасайды, соның нәтижесінде суыту уақыты ұзарып, азық-түлік сапасы төмендейді, электрэнергиясының шығымы көбейеді.
Мұздатқыш камерасын әр жібіткен жуу керек, бірақ кем дегенде жылына екі рет тазартып отыруды ұсынамыз.

⚠ Абайлаңыз

Қарлы қырауды қыру үшін камера ішкі беттерін тырнайтын металл және өткір құралдарды пайдалануға тыйым салынады.

Тазалағаннан кейін

Қорек сымының зақымдалмағандығына, розетканың қызып кетпегендігіне және қорек шасының розеткаға тығыз салынғандығына көз жеткізіңіз.

⚠ Ескерту


Сумен жуғаннан кейін бұйымды міндетті түрде шүберекпен сүртіңіз.
Қайраушы заттарды, мұнай өңдеу өнімдерін, бензинді, еріткіштерді, хлор қышқылыр, қайнаған суды, щеткаларды және тоңазытқыш бөліктерін зақымдауы мүмкін т.б. пайдаланбаңыз.

2_3828JY8001C(카자흐)_수정 2006.12.8 9:50 AM 페이지45

Қызмет орталығымен хабарласпас бұрын осы бөлімді оқып шығыңыз. Ол ақша мен уақытты үнемдеу мүмкіндігін береді. Осы тізімде жинау мен қолданылған материалдардың төмен сапасына байланысты емес ең көп тараған жағдайлар келтірілген.

Ақаулық	Ықтимал себептері
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлімі жұмыс істемейді	• **Сымның ашасы шығып қалған болар.** Оны розеткаға берік орнатыңыз. • **Үй желісінің сақтандырғышы күйіп немесе автоматы ажыратқыш өшіп қалған болар.** Сақтандырғышты тексеріңіз және/немесе ауыстырыңыз немесе автоматы ажыратқышты қосыңыз. • **Желідегі үзіліс.** Желіде тоқ барын тексеріңіз.
Тоңазытқыш немесе мұздатқыш бөлімінің температурасы тым жоғары	• **Температура реттегіші дұрыс орнатылмаған.** “Температураны реттеу” бөлімін қараңыз. • **Тоңазытқыш жылу көзіне тым жақын орналасқан.** • **Бөлме температурасы жоғары жағдайда тоңазытқыш есігі жиі ашылып отырған .** • **Тоңазытқыш есігі ұзақ уақыт ашық тұрған.** • **Азық-түліктің орналасуы тоңазытқыш есігінің жабылуына кедергі болып тұр немесе ауа саңылауларын жауып қалған.**
Діріл, салдырлау немесе тән емес дыбыстар	• **Тоңазытқыштың орналасқан орны тегіс болмауы мүмкін.** Дәлдеуші бұранданың көмегімен түзетіңіз. • **Тоңазытқыштың артқы қабырғасындағы бөгде заттар.**
Мұздатылған азық-түліктегі қырау немесе мұз	• **Есігі дұрыс жабылмаған немесе азық-түлік есіктің жабылуына кедергі келтірген болар.** • **Есіктері тым жиі немесе ұзағынан ашылып отырған.** • **Азық-түлік салынған контейнер шіндегі қырау-қалыпты жағдай.**

Ақаулық	Ықтимал себептері
Тоңазытқыш бетіндегі дымқыл тамшылар	• **Ондай құбылыс сыз панажайларда байқалуы мүмкін.** Құрғатып сүртіңіз.
Ішінде дымқыл жиналады	• **Есіктері тым жиі немесе ұзағынан ашылып тұрған.** • Дымқыл ауа-райында тоңазытқышқа ашылған есік арқылы ауамен бірге дымқыл кіреді.
Жағымсыз иіс	• Күшті иіске ие тағамдарды тығыз жабылатын ыдысқа салу немесе тығыздап орау қажет. • Бұзылып кеткен тағамдардың болмауын тексеріңіз. • Тоңазытқыштың ішкі беттерін жуу қажет. “Жинау және тазарту” бөлімін қараңыз.
Есік толығымен жабылмайды	• **Азық-түлік есіктің жабылауына кедергі жасайды.** Есіктің жабылуына кедергі жасайтындарының орнын ауыстырыңыз. • **Тоңазытқыш түзу орнатылмаған.** Биіктікті реттеу бұрандаларын дәлдеңіз. • **Тоңазытқыштың орналасқан орны тегіс болмауы мүмкін.** Дәлдеуші бұранданың көмегімен тоңазытқыштың алдыңғы бөлігін көтеріңіз.
Ішкі жарық жұмыс істемейді	• **Розеткада кернеу жоқ.** • **Жарық шамы ауыстырылуы тиіс.** Шамды ауыстыру жөніндегі бөлімді қараңыз.



ЕСКІ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖАРАТУ

1. Құрылғыданы дөңгелекті күлтөкпенің сызылған суреті түріндегі таңба бұл бұйымның 2002/96/EC Нұсқауымен қамтылатындығын білдіреді.
2. Электр және электронды құрал-жабдықтар тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырылмай, үкімет және жергілікті билік органдарымен белгіленген арнайы жерлерге жеткізілуі тиіс.
3. Ескі құрал-жабдықтарды дұрыс жарату қоршаған орта мен адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға көмектеседі.
4. Ескі құрал-жабдықтар туралы толығырақ ақпаратты қала әкімшілігінен, қоқыс жинайтын мекемеден немесе бұйымды сатқан дүкеннен біле аласыз.



LG Twin Tower, 20, Yoido-Dong,Youngdungpo-Gu, Seoul, 150-721, Korea.
http://www.lge.com

P/No. 3828JY8001C

Printed in Korea



LG Twin Tower, 20, Yoido-Dong,Youngdungpo-Gu, Seoul, 150-721, Korea.
http://www.lge.com

P/No. 3828JY8001C

Printed in Korea